

# **Айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер**

**эмитенттің толық атауы:** «PartnerInterFreight» (ПартнэрИнтэрФрэйт) Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**эмитенттің қысқартылған атауы:** «PartnerInterFreight» (ПартнэрИнтэрФрэйт) ЖШС

Алматы қ., 2021ж.

**1. Эмитенттің толық және қысқартылған атауы қазақ, орыс және ағылшын (егер бар болса) тілдерінде:**

	<b>Толық атауы</b>	<b>Қысқартылған атауы</b>
Мемлекеттік тілде	«PartnerInterFreight» (ПартнэрИнтерФрэйт) Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«PartnerInterFreight» (ПартнэрИнтерФрэйт) ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «PartnerInterFreight» (ПартнэрИнтерФрэйт)	ТОО «PartnerInterFreight» (ПартнэрИнтерФрэйт)

Эмитенттің толық және қысқартылған атауы ағылшын тілінде – жоқ.

**2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі: 080840014974**

**3. Эмитенттің уәкілетті органының айналыс мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын облигациялар шығару туралы шешім қабылдаған күні: 21.10.2021ж.**

**4. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

**1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:**

**- облигациялардың түрі:**

Индекстелген купондық облигациялар қамтамасыз етілмеген.

**- облигациялардың саны:**

300 000 (үш жүз мың) дана.

**- облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:**

300 000 000 (үш жүз миллион) теңге.

**2) номиналды құнын сипаттайтын валюта көрсетілген бір облигацияның номиналды құны:**

1000 (бір мың) қазақстандық теңге. Бір облигацияның номиналды құны индекстелген мән болып табылады.

Облигациялардың индекстелген номиналды құны-облигациялардың номиналды құнының және теңгенің АҚШ долларына девальвация/ревальвация қарқыны коэффициентінің туындысы, ол тиісті сыйақы төлеу (соңғы сыйақы төлеу және облигацияларды өтеу) үшін облигацияларды ұстаушылардың тізілімін бекіту күніне «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да АҚШ доллары бойынша таңғы сауда сессиясының нәтижелері бойынша қалыптасқан теңгеге АҚШ долларының орташа алынған бағамының қатынасы ретінде облигациялардың айналысы басталған күнгі ұқсас бағамға есептеледі.

Егер облигациялардың индекстелген номиналды құнын есептеу үшін пайдаланылатын облигацияларды ұстаушылардың тізілімін тіркеу күні демалыс немесе мереке күніне түссе, онда «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да АҚШ доллары бойынша таңертеңгі сауда сессиясының нәтижелері бойынша қалыптасқан АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа өлшемді бағамы осындай демалыс немесе мереке күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні тіркеледі.

Бір облигацияның индекстелген номиналды құны оның номиналды құнының және теңгенің АҚШ долларына (Kd) девальвация/ревальвация қарқыны коэффициентінің туындысы ретінде есептеледі. Девальвация/ревальвация қарқынының коэффициенті сыйақыны тиісті төлеу (соңғы сыйақыны төлеу және облигацияларды өтеу) үшін облигацияларды ұстаушылардың тізілімін бекіту күніне «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да АҚШ доллары бойынша таңертеңгі сауда сессиясының нәтижелері бойынша қалыптасқан АҚШ долларының теңгеге (Xt) орташа алынған бағамының облигациялардың айналысы басталған күнгі ұқсас бағамға (Xo) қатынасы ретінде есептеледі:

**(Kd = Xt / Xo), мұнда**

Xt – облигация ұстаушылардың тізілімін тіркеген күнгі АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы,

Xo - облигациялардың айналысы басталған күнгі АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы.

Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша негізгі борышты және (немесе) есептелген сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банк шоты болмаған жағдайда, есептелген сыйақыны және (немесе) облигациялар бойынша негізгі борышты төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені АҚШ долларына немесе еуроға айырбастауға жол беріледі.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (АҚШ долларына немесе еуроға) айырбастауға эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға (АҚШ доллары немесе еуро) айырбастау облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары облигацияларды ұстаушыға - Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

Облигацияларды ұстаушының → Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валюталарға айырбастауға жол берілмейді.

### **3) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі:**

Облигациялардың айналысы облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізген күннен басталады. Ресми тізімге енгізу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ресми сайтында жарияланатын болады.

#### **облигациялардың айналыс мерзімі:**

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 12 (он екі) ай.

### **4) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:**

Сыйақы (купон) ставкасы облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде тіркелген болып табылады және облигациялардың индекстелген номиналды құнының жылдық 11%-ын (он бір пайызын) құрайды.

### **5) облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімі:**

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде облигациялар айналысының басталған күнінен бастап жылына екі рет әрбір алты ай сайын жүргізіледі.

Төлем күнгі сыйақы индекстелген номиналды құнның және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің (облигациялар бойынша купондық сыйақының екіге бөлінген жылдық мөлшерлемесі) туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) – тіркелген күні төленеді.

Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу тіркелген күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Сыйақының соңғы төлемі облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

### **б) облигацияларды өтеу күні:**

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін, облигациялардың айналысының соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

Директор



Шумахер А.Р.